

**ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» -БАЛАБАҚШАСЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №1**

**Өткізілген уақыты: 29.08.2022ж**

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру)

**Тақырыбы:** Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

**Мақсаты:** Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

**Қатысқандар саны– 5**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Индикатор жүргізуде қолданылатын дидактикалық құралдарды таңдау. Жауапты әдіскер
3. Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар. Жауапты әдіскер
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. Жауапты әдіскер
5. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
6. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер
7. Көрме. Топтардың оқу жылына дайындығы. Жауапты әдіскер, топ тәрбиешілері

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі Серікова Жадыра Мақсатқызы педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Тилемисова Тоты сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** әдіскер

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде әдіскер Серікова Жадыра Мақсатқызы сайлауды ұйғарды.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Тоты Тилемисова сайлансын.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс

бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

#### **1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

#### **2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Тәрбиеші 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған.

#### **3. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

#### **4. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Әдіскер 2022-2023 оқу жылына құрылған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес құрылып, осының негізінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі жасалғандығын айтты.

#### **ШЕШІМ:**

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

5. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2022ж, мамыр 2023ж.

#### **3 ТЫҢДАЛДЫ:** әдіскер.

Серікова Жадыра Мақсатқызы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қ.Р.Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы №292 қаулысының 1-қосымшасы)сәй Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленгендігін айтты. Бұл бағдарламаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жасерекшеліктері мен жеке үмкіндіктеріне сәйкес білім,білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілікел»жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға,ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу. Міндеттері баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы органықұру; мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; балалардың дене,зияткерлік,адамгершілік,эстетикалық,коммуникативтік дамуына бағытталған білімберу салаларын кіріктіру; әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторинг ұйымдастыру; мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы, ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. Бағдарламаның ерекшелігі барлық білім беру дағдылары бойынша бірініші және екінші жарты жылдықта балаға нені үйрету керектігі нақты көрсетілген.Аталған бағдарлама меншік нысанына қарамастан,мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері

мен типтеріне ұсынылады. Сондықтан биылғы оқу жылында осы бағдарламаны қолданамыз. Бұл бағдарламамен жұмыс істеу сіздерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан әр тәрбиешіге бағдарламаны алып қай жаста бала нені меңгеру керек екендігін толық оқып білу керек деп сөзін аяқтады.

#### **1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН**

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу балалардың білуге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Сол себепті кез-келген педагог өз іс-тәжірибесінде түрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданады. Осы мәселе бойынша өз пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар дер сөз кезегін тәрбиешілерге берді.

Барлық тәрбиеші әдіскер ұсынысын қабылдады.

#### **ШЕШІМ:**

3.Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ӨТШТ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында

#### **4. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды 2 санатқа аттестаттаудан өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

#### **1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім беру ұйымының басшысы сайланады. Сондықтан аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде жоғары, бірінші санатты тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

#### **ШЕШІМ:**

1.Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі, төрайымының орынбасары әдіскер, мүшелері болып тәрбиешілер сайлансын. Комиссия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

#### **5.ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды.. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.

#### **ШЕШІМ:**

Дене шынықтыру нұсқаушысы тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер Серикова Жадыра

#### **6.ТЫҢДАЛДЫ:**

Алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

#### **ШЕШІМ:**

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Серікова Жадыра  
Хатшы : Тилемисова Тоты



**ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» -БАЛАБАҚШАСЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №2**

**Өткізілген уақыты: 30.11.2022.ж.**

**Түрі:** сұрақ-жауап

**Тақырыбы:** Балалардың тілдік қатынасын жан-жақты дамытуда көркем шығарманы қолдану.

**Мақсаты:** Педагогтердің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру.

**Түрі:** сұрақ -жауап ойыны

**Қатысқандар саны— 5**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. Баланың негізгі тілдік құзіреттілігін қалай қалыптастырамыз?
- 5 Балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптар. Көрме

**1.ТЫҢДАЛДЫ:** Директор Турсынбаева Д.К өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте:

1. оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын;

4.Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ӨТШТ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын;

5.Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылды, №1 педагогикалық кеңестің шешімі толықтай орындалды ма деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа балабақша әдіскері жауап берді.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** әдіскер.Серікова Жадыра Мақсатқызы

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, отбасылық эстафеталық жарыс, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыс, қарттар күніне орай концерт балабақшаның "Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында ашық оқу қызметі өткізілді. Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері

және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, балабақша айналасындағы денсаулық жолақшаларымен жүру, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру, таза ауадағы серуенді ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, күн ваннасын қабылдау, массажды кілемшелерде, қырлы тақталарда жалаңаяқ жүру, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, балабақша ауласын түскен жапырақтардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жеке сұрақтар қойылды. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ӨТШТ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану үстінде. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарып жатыр.

#### **ШЕШІМ:**

№1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**2 ТЫҢДАЛДЫ:** Әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қыркүйек айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл бастапқы индикатор. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілермен бірігіп отырып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «12» тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» негізге ала отырып бес білім саласы бойынша сұрақтар құрдық. Индикатор жүргізгендегі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. Әрине, балабақшаға бұрыннан келіп жүрген балалардың даму деңгейі тұрақты.

#### **ШЕШІМ:**

Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен бес білім беру саласы бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парағын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты барлық топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі 2022 жылдың қараша, желтоқсан айлары.

#### **3 ТЫҢДАЛДЫ:**

Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізген болатын. Ол ашық оқу қызметіне арнайы комиссия құрылып бақылау жасалған. Енді осы бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.

#### **Шешім:**

Көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.

Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында

#### **4 ТЫҢДАЛДЫ:** Әдіскер Серікова Жадыра Мақсатқызы

Тіл адам баласының іс-әрекеттерінің барлық жақтарын тегіс қамтиды. “Тілдің қимыл өрісі шексіз”. Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл күйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізеді. Ол әсер сөйлеу тілімізде айтушының өз түсінігі бойынша, өз ойын тіл құралы ар-қылы жеткізе білуінен болса, көркем

шығармалар— жазушының өмір тануына, дүние сезінуіне, көзқарасына сол өмір фактісін жинақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан машықталған үйреншікті қалыпта жұмсалады, ал көркем шығармада сөздер сараланып, белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма — өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та — бәрі де қатысады. Тұрмыс-салт, шаруашылық, экономика салаларының калпы, даму жолдары көрсетіледі. Көркем шығармада көптеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бөлініп, топталады. Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні — портреті — жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтіп типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табиғат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айқындауда маңызды роль атқарады. Шығарманың көркемдік қасиеті ондағы қайталаусыз жасалған әр алуан образдар мен өмір құбылыстарының картиналары бейнелеулер арқылы көрінеді.

**ШЕШІМ:** Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқу-тәрбие түрлерінде баланың негізгі тілдік құзіреттілігін арттыру, сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту мақсатында ауыз әдебиетін пайдалануды жалғастыру. Баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тәсілдерді іріктеп тиімді пайдалануды жүзеге асыру. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындау мерзімі 2022-2023 оқу жылы барысында.

5-сұрақ бойынша тәрбиешілер балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан көрме ұйымдастырды.

**ШЕШІМ:**

Тәрбиешілердің балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан ұйымдастырған көрмелері қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Пед.кеңес төрайымы: Серікова Жадыра Мақсатқызы  
Хатшы: Тилемисова Тоты Сағидыңқызы



**ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» -БАЛАБАҚШАСЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.  
ХАТТАМА № 3**

**Өткізілгін уақыты:** 31.01.2023

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** Оқу жылының жарты жылдық есебі.

**Мақсаты:** Баланың денсаулығын нығайту, ағзаны шынықтыру, ерік-жігерінің белсенділігін, дербестігін қалыптастыру. гигиеналық тазалық шараларын, күн тәртібін орындап, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

**Қатысқандар саны:** 6

**Күн тәртібінде:**

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы. Меңгеруші
2. Аттестатталушы педагогтардың тізімі
3. Педагогтардың жарты жылдық есебі
4. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике
5. Аралық мониторинг қорытындысы бойынша
6. Әр түрлі мәселелер:
  - 8,22 наурыз мереке қарсаңында тәрбиешілер топтық ата –аналар жиналысы өткізу;
  - 8,22 наурыз мерекесінің кестесін бекіту;
  - 9 өтпелі тақырып бойынша көрнекіліктер жасау.

**Қаралды**

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. №2 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде қайта ретке келтіруге берілген «Қарлығаш», «Құлыншақ» , «Ботақан» топтарының құжаттары бойынша, «Қарлығаш» , «Құлыншақ» топтарының құжаттары ретке келтірілген, ал, «Ботақан» тобының құжаттары ретке келтірілмеген. Берілген ескертуді ескермегені үшін «Ботақан» тобының тәрбиешілеріне ескерту айтылды.

**ШЕШІМІ:**

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**2.ТЫҢДАЛДЫ**

Екінші мәселе бойынша, педагогикалық кеңестің хатшысы қайта сайланды. Педагогтардың дауыс беруімен балабақшаның аға тәрбиешісі Тилемисова Т.С сайланды.

### **ШЕШІМІ:**

1. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып аға тәрбиеші сайлансын.

### **3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы ұжым мүшелерін жағымды күйге түсіріп, сергіту мақсатында «Менің өмірлік жолым» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді. Бұл қиял ғажайып тест арқылы ұжым мүшелері өз өмірлеріне бір сәт басқаша көзбен қарауға мүмкіндік алды. Әрбір педагогқа берілген тапсырманың жауабы бойынша: 1-тапсырмадағы егін алқабы – ол өмірлік жолы, жол – бұл өмірлік жолы, жауын – басқаның сіз туралы айтқан пікіріне көзқарасы, мысық – жалпы әйез заты туралы пікірі, қасқыр – ер азамат туралы пікірі, су немесе от – отбасындағы рөлі. Осы бойынша педагогтардың өз өмірлеріне деген көзқарасы анықталды.

#### **1.СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші Касымова Б.

1- тапсырма бойынша күн шығып тұрған жасыл алқапты, 2-тапсырма бойынша жалғыз аяқты жолды, 3-тапсырма бойынша жаңбырды елемей ары қарай жүре беретінін, 4-тапсырма бойынша сары түсті, кішкентай мысықты елестететінін, 5-тапсырма бойынша ашулы қасқырды елестететінін, 6-тапсырма бойынша отты таңдайтынын айтты.

#### **2. СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** Тәрбиеші Кәріпжан Г.

1- тапсырма бойынша қызанақ өсіп тұрған жасыл алқапты, 2-тапсырма бойынша жалғыз аяқты жолды, 3-тапсырма бойынша жаңбырды елемей ары қарай жүре беретінін, 4-тапсырма бойынша сұр түсті үй мысығын елестететінін, 5-тапсырма бойынша жуас қасқырды елестететінін, 6-тапсырма бойынша суды таңдайтынын айтты.

### **ШЕШІМІ:**

1. Психолог тренингтің қорытындысын жасап, педагогтармен жұмыс жүргізсін.

### **4. ТЫҢДАЛДЫ**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері аттестатталушы педагогтардың тізімін атап өтті және жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өтіп жатқанын айтты.

## **5. ТЫҢДАЛДЫ**

Бесінші мәселе бойынша, педагогтардың 2022-2023 оқу жылындағы жарты жылдық есебі тыңдалды. Онда педагогтар 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап 2023 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметтеріне тоқталды.

## **ШЕШІМІ:**

1.2022-2023 2 оқу жылындағы педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**6. ТЫҢДАЛДЫ** Алтыншы мәселе бойынша, балабақша медбикесі «Денсаулық – табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берді:

**Қызылша мен қызамық** – біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуінің де қоздырғышы вирус. Ауру ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негізгі белгі – денеде бөртпелердің пайда болуы.

**Қызылша.** Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді, онда көбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік майын зақымдайды.

**Қызылша қалай өтеді?** Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады (дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызық бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонан соң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннан кейін 4 күн ішінде залалды болып саналады.

**Қызылшаның қауіпті неде?** Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар - ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхоның, ми қабықтарының қабынуы. Кез келген асқанудан ауру өліп кетуі мүмкін.

**Қызылшаны қалай емдейді?** Қызылшаны да кез келген вирусты жұқпа секілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арнайы емдеу препараты жоқ. Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар (көкөністер, жемістер, шырындар), көп мөлшерде сұйықтық ішу қажет.

## **ШЕШІМІ:**

1.Балалардан қызылшаға қарсы вакцинаны алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.

## **7. ТЫҢДАЛДЫ**

Жетінші мәселе бойынша, аға тәрбиеші 2022-2023 оқу жылындағы аралық мониторинг қорытындысын айтты.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** әдіскер

Әдіскер Серікова Жадыра Мақсатқызы МАД топтары бойынша, Жоғары деңгей деңгейі 90пайызды көрсеткен, орта топтарының қорытындысын және ІІІ деңгейі 85пайызды көрсеткен екінші кіші тобының қорытындысын қайта қарап, есептеуді тапсырды.

### **ШЕШІМІ:**

1. «Ботақан» тобының жиынтық есебі қайта есептелінсін.
2. Қыркүйек, қаңтар айындағы салыстырмалы көрсеткішті ескере отырып, тәрбиешілер мамыр айында балалар өз кезеңіндегі құзыреттілікті меңгеру деңгейін көрсетуге жұмыс жасауын қадағалау аға тәрбиешіге жүктелсін.

## **8. ТЫҢДАЛДЫ**

- Балабақша әдіскері топтардың жылдық жоспарының 9 өтпелі тақырыбы бойынша көрнекілік жасау ұсынысын білдірді. Ол бойынша әрбір топқа тақырып бөлініп, сол бойынша көрнекіліктер жинақталып, түптелсе кезектесе қолдануға қолайлы болатынын айтты. Тәрбиешілер бір ауыздан қолдады.
- 8 наурыз және 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгіліктер мәселесі талқыланды. Мерекеде топтар және музыка бөлмесін талапқа сай безендіру тапсырмасы берілді. Музыкалық залды безендіруге жауапты топтар тағайындалып, ертеңгілік кестесі бекітілді

**1.СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** «Ботақан» тобының тәрбиешісі 22 наурыз мерекесін жылдағы топта атап өтетін дәстүрден бөлек, барлық топтан өнер нөмірлерін іріктеп музыкалық залда атап өту ұсынысын айтты.

**2.СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** «Ботақан» тобының тәрбиешісі 22 наурыз мерекесін әр топ өз тобында музыкалық нөмір, дәстүрі және дастарханымен атап өтуді қолдайтынын айтты

### **ШЕШІМІ:**

1. 9 өтпелі тақырып бойынша көрнекіліктерді жасауды топтарға бөліп беру әдіскерге жүктелсін.
2. 8 наурыз мерекесінің ертеңгілігіне жауапты деп «Құлыншақ», «Қарлығаш» топтары тағайындалып, кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы Серікова Ж.М

Хатшы Тилемисова Т.С



**ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» -БАЛАБАҚШАСЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**№4 Педагогикалық кеңес**

**Өткізілгін уақыты:** 31.03.2023

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** Педагогтардың жұмысына сараптама

**Мақсаты:** оқу жылында педагогтардың жұмысына сараптама жасау, циклограммада кеткен қателіктерінің себебін анықтау, оқу жылының қорытынды есебіне дайындық жасау.

Қатысқандар саны: 6

**Күн тәртібі:**

1. №3-пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Педагогикалық кеңестің тапсырмасын орындау. «Біздің жетістіктер» педагогтардың жетістіктері.
3. «Педагогтарды бағалау» сараптау комиссиясының есебі
4. №5 пед кеңеске тапсырма: оқу жылы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытынды есебі.
5. Пед.кеңес шешімі

**Қаралды**

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. Ол бойынша, балабақша әдіскері педагогтардың мінез құлқын анықтау мақсатында жүргізген тренингінің қорытындысы бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын айтты.

Балабақша медбикесі өз уақытында балалардың қызылшаға қарсы вакцинаны алғаны жөнінде ақпарат берді.

Әдіскер 9 өтпелі тақырып бойынша топтарға бөлінген көрнекіліктердің есебін айтты. Барлық топтар өздеріне тиесілі көрнекіліктерді А3 форматта жасап өткізді. «Ботақан» тобына жүктелген «Дьенеш» блоктарының көрнекілігіне ескертулер айтылып, толықтыру тапсырмасы берілді.

**ШЕШІМІ:**

1. Көрнекілік жасау барысында ескерту айтылған топтар сәуірдің айының соңына дейін толықтыру жұмыстары жасалсын.

## **2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері педагогтардың жетістіктері туралы айтты.

## **ШЕШІМІ:**

1. Байқаулардан орын алған педагогтар марапатталсын.

## **3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері педагогтардың құжаттарын тексеру бойынша «Педагогтарды бағалау» сараптамасының есебін берді. Наурыз, сәуір айларының циклограммалары толық жазылмаған топ тәрбиешісіне ескерту айтты. Олар «Ботақан» топтарының тәрбиешілері.

## **ШЕШІМІ:**

1. Циклограммаға ескерту айтылған топтарға түзету жұмыстарына сәуір айының аяғына дейін уақыт берілді.

## **4.ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша, №5 педагогикалық кеңеске тапсырма берілді. Онда 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі бойынша төмендегі тапсырмалар берілді:

- тәрбиешілердің, медбикелердің 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебін жасау;
- аға тәрбиешіге 2022-2023 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін жасау тапсырмасы берілді.
- әдіскер Серікова Жадыра топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысының есебін жасауды тапсырды.

## **ШЕШІМІ:**

1. №5 педагогикалық кеңеске берілген тапсырмаларға жауапты адамдар жүйелі түрде орындасын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Турсынбаева Д.К.

Хатшы: Тилемисова Т.К.



**ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» -БАЛАБАҚШАСЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**№5 Педагогикалық кеңес**

**Өткізілгін уақыты:** 30.05.2023.ж.

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** Біржылдық жұмыстың қорытындысы.

**Мақсаты:** балабақша бойынша атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін тыңдау

Қатысқандар саны: 6

**Күн тәртібінде:**

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиешілердің, медбикелердің оқу жылының қорытынды есебі
3. Балалардың мектепке дайындығының психологиялық және әлеуметтік көрсеткіштері
4. оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы
6. Әр түрлі мәселелер:
  - Ағымдағы жөндеу жұмыстары
  - Жазғы сауықтыру іс-шаралары

**Қаралды**

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

**1.СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Балабақша әдіскері Серікова Ж.М №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша есеп берді. Онда топ тәрбиешілеріне жүктелген көрнекіліктерді жасау бойынша тапсырманың орындалғанын, байқаулардан орын алған педагогтардың алғыс хатпен марапатталғанын, циклограммаға ескерту айтылған топтардың түзету жұмыстарын жүргізгенін айтты.

**1. ШЕШІМІ:**

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері, медбике оқу

жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді.

Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешінің өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Қыркүйек айында білім күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Қазан айында тіл мерекесіне, ұстаздар күніне орай тәрбие сағатын, алтын күз мерекелік ертеңгілік өткен. Қараша айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен. Желтоқсан айында тәуелсіздік мерекесіне орай ашық тәрбие сағатын, жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігін өткізген. Наурыз айында аналар мерекесіне орай ертеңгілік және қазақтың төл жааңа жылын барлық топ атап өткенін айтты. Сәуір айында ғарышкерлер мерекесін, мамыр айында достық мерекесін, Отан қорғаушылар күні мен жеңіс күнін атап өткенін айтты. Ал, «Қарлығаш» тобында мамыр айында балабақшамен байланыс жоспары бойынша, кіріктірілген қорытынды оқу қызметін және балабақшамен қоштасу кешін өткізгенін айтты.

Әрбір топтың жоспарларына сәйкес ата-аналар жиналысы өтіп, онда қаралған және шешімін тапқан мәселелерді атап өтті.

Балабақша логопеді өзінің жылдық жоспарына сәйкес тіл кемістігі бар балалармен жүргізілген жұмыс пен жылдың соңына қарай көрсеткен нәтижелерін айтты.

**Шешімі:** Балабақша педагогтарының оқу жылындағы қорытынды есебі тыңдалсын.

### **3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша психологы өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, Мектепалды даярлық топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды. Ол тесттің қорытындысы бойынша, «Қарлығаш» тобының 12 баласы жоғары білім деңгейін, 13 баласы орта білім 1 баласы төмен білім деңгейін көрсетті. «Құлыншақ» тобының 10 баласы жоғары білім деңгейін, 7 баласы орта білім деңгейін, 2 баласы ортадан төмен білім деңгейін. «Ботақан» тобының 6 баласы орта білім деңгейін, 9 баласы орта білім деңгейін, 3 баласы ортадан төмен білім деңгейін көрсетті. «

**Шешімі:** Мектепалды даярлық балаларының мектепке психологиялық дайындығы жайында кеткен олқылықтар ескеріліп, алдағы уақытта сол тұрғыда жұмыс жасалсын.

### **4.ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

